

№ 6 Дәріс. Қоғамның саяси жүйесі

Сабақтың жоспары

1. Саяси жүйе түсінігі. Саяси жүйенің құрылымы мен элементтері. Институционалды, идеологиялық, коммуникативтік, нормативтік және мәдени жүйешіктер арқылы саяси жүйенің құрылымына талдау (Т. Парсонс, Д. Истон, Г. Алмонд және т.б.). саяси жүйелердің типологиясы
2. Саяси жүйенің тиімділігі. Саяси тұрақтылық пен саяси тәртіп, саяси тұрақтылықтың түрлері. Саяси тәуекелдіктің факторлары.
3. Қазақстан Республикасының саяси жүйесі.

Дәрістің мазмұны

Кіріспе

Қоғамның саяси жүйесі деп билік жүргізіп, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастарды реттейтін ұйымдар мен мекемелердің жиынтығын атайды. Бұл жүйе саяси деп аталады. Мемлекеттік істер алға қойған мақсаты, амал- әдістерді, оларға жету жолдарын қамтитын арнайы жете зерттелген шаралар, саяси бағыт арқылы жүзеге асырады. Снымен қатар оны жүйе дейді. Өйткені оған мемлекеттен басқа мемлекеттік билікке ықпал ету үшін басқалармен бәсекеге түсетін, одақтарға кіретін, мәлімге келетін мемлекеттік емес көптеген ұйымдарда кіреді. Бұл саяси қатынастың күрделі көрінісі жүйелілікті тұтастықты білдіреді.

Саяси жүйе келесі қызметтерді атқарады:

1. Белгілі бір әлеуметтік топтың немесе көпшілік халықтың саяси билігін қамтамасыз ету. Ол биліктің тәртіпке келтірілген, ережелерде, қалыптарда бекітілген, яғни институционалданған түрі. Сондықтан ол конституцияға негізделген жалпыға міндетті заңдар шырағы. Сол арқылы қоғамда тәртіп орнайды. Оны бұзушыларға, тиісті шара қолданылады.

2. Саяси жүйе қоғамдық қатынастарды реттейді, жекелеген әлеуметтік топтар немесе көпшілік халықтың мақсат- мүддесіне сәйкес адамдардың тіршілік әрекетінің әр түрлі салаларын басқарды. Ол әлеуметтік институттар қызметінің мақсаттарын айқындайды, солардың негізінде оларды орындаудың саяси жобаларын жасайды.

3. Саяси жүйе қоғамда жинақтаушылық, топтатырушылық қызметті атқарады. Ол ортақ әлеуметтік –саяси мақсаттар мен құндылықтардың айналасында барлық әлеуметтік топтар, таптар, жіктердің белгілі бір бірлестігін қамтамасыз етеді.

4. Экономиканың қалыпты жұмыс істеп, прогресті дамуына қажетті саяси жағдай жасау. (Саяси жүйе өндіріс құралдарына меншік түрлерін құқықтық тұрғыдан бекітеді, қаржы жүйесін реттейді, салық саясатын жүргізеді.

Саяси жүйенің негізгі төрт элементі бар:

- 1) Саяси институттар; 2) Саяси қатынастар; 3) Саяси ережелер; 4) Саяси мәдениет.

Саяси институттарға мемлекет, саяси партиялар, кәсіподақтар, кооперативтік, жастар, әйелдер, т.б. ұйымдар мен бірлестіктер жатады. Бұл ұйымдардың бәрі таптық, топтық, ұлттық, жыныстық, кәсіби, жас мөлшеріне қарай және т.с.с. байланысты пайда болатын көптеген әлеуметтік мақсат-мүдделерді білдіріп, қорғау үшін құрылады.

Солардың ішіндегі ең негізгісі- мемлекет. Ол қоғамда белгілі бір тәртіпті орнатады, оны басқарады, экономикалық және әлеуметтік құрылымын қорғайды. Ол үшін мемлекеттің арнайы аппараты, еріксіз көндіретін күштеу, зорлау органдары болады. Солардың көмегімен ол адамдардың жүріс- тұрыс, іс-әрекетін зерттейді. Мемлекет қоғам атынан оның ішкі және сыртқы саясатын атқара алады.

Мемлекеттік емес ұйымдардың арасында қазіргі қоғамның саяси өмірінде ең үлкен роль атқаратындар- саяси партиялар. Олар мемлекеттік билікті жүзеге асыруға, саяси жүйені, идеологиялармен доктриналарды, қоғамдық пікірді, саяси сана мен мәдениетті қалыптастыруға ат салысады.

Қоғамның ең бұқаралық ұйымына кәсіптік одақтар жатады. Олардың ықпалы әр елде әр түрлі. Біздің елімізде олар халық шаруашылығын өркендетудің маңызды міндеттерін шешуге қатысады. Еңбекшілердің заңды талаптарын қорғайды, еңбек заңдарының қатаң сақталуын қадағалайды. Олардың ден саулығын сақтауға, мәдени-тұрмыстық қажетін өтеуге қамқорлық жасайды. Тұрғын үйлерді бөлу, балабақшасына орналастыру, мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстарын басқарады. Қазір оның ықпалы төмендеп кетті.

Қоғамның саяси жүйесіне діни ұйымдарда кіреді. Әлеуметтік көзқарас тұрғысынан, дін институты өзара байланысқан екі деңгейден тұратын жүйелік құрылысты көрсетеді: 1) құндылықты-нормативтік модель, өзіне қасиетті деп танылатын анықталған құбылыстар мен құралдар ортасына кіретін сенім жиынтықтары мен символдарын бекітеді; 2) діни нормалар мен сенімдердің барысында реттеліп және басқарылып отыратын, мінез-құлықтық үлгілердің құрылымы. Соңғысының шынайы көрінісі діни тәжірибенің түрлі аспектілерін бекітетін ұйымдардың әрекет етуі: сенушілердің моральдық қауымдастығы, дәстүрлер, ұстанымдар және т.б. Діннің құндылықты-нормативті деңгейі құлшылық етудің күрделі жиынтығын көрсетеді, яғни киелі мәтіндер мен жазбалар- да берілген құндылықтар, символдар. Мысалы, мұсылман дінінде құндылықтар мен білімнің көзі Құран болса, ал христиан дінінде Библия.

Қоғамдық жүйенің екінші бөлігін саяси қатынастар құрайды. Оған таптардың, этникалық бірлестіктердің, тұлғалармен қоғамның, азамат пен мемлекеттің арасындағы қатынастар кіреді.

Саяси қатынастарды келісім, бітімгершілік, ынтымақтастық, қақтығыстық, бәсекелестік деп жіктеуге болады. Саяси қатынастарға саяси дәстүр мен мәдениет, саяси-мемлекеттік институттар және саяси-құқықтық ережелер ықпал етеді.

Саяси қатынастар субъектілері - жеке индивидтер, топтар, қауымдар мен тұтастай қоғам болып табылады. Осыған орай, саяси қатынастар көп деңгейлі, күрделі және өзара тәуелді болып келеді. Жеке-топтық деңгейде олар саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылымдағы осы қатынастар субъектілерінің мәртебесі мен рөліне, мүдделері мен құндылықтарына, әлеуметтік-психологиялық қасиеттеріне тәуелді. Саяси қатынастар деңгейі жоғарылаған сайын оған ұлттық саяси мәдениет, қоғамдық-экономикалық жүйе және өркениет ерекшеліктері ықпал етеді.

Саяси жүйенің үшінші бөлігі болып саяси ережелер есептеледі. Олар саяси институттардың өзара бірлесіп әрекет етуін қамтамасыз етеді және саяси жүйенің ережелік негізін құрайды. Олардың ішіндегі ең маңыздысына Конституция және соған сүйенетін заңдар мен басқа нормативтік актілер жатады. Оларға белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін мемлекет тарапынан шаралар қолданылады. Сонымен қатар саяси қызметті атқару үшін қоғамдық ұйымдар жасаған және солардың ішіндегі қатынастарды реттеуге арналған ережелердің де маңызы зор. Оларға ең алдымен сол ұйымдардың жарғылық ережелері жатады.

Саяси жүйенің 4 белгісі- саяси мәдениет. Ол саяси сана мен іс- әрекетте, саяси көзқарастарда, идеяларда, теорияларда, саяси тұғырнамаларда, бағдарламаларда, шешімдерде, саяси ережелерге қатынасты көрініс табады. Саяси мәдениеттің реттеушілік қызметі адамдардың іс-әрекетіне және олардың ұйымдарына ететін әсерінен білінеді. Бұрынғы және қазіргі саяси жүйе және оның элементтеріне, саяси қызметкерлер, басқару аппаратының лауазымды адамдарына, саяси-басқару шешімдерін дайындау және қабылдау процессіне ықпал етуінен де байқалады.

Саяси жүйенің көрсетілген бұл төрт бөлігі үздіксіз дамып отырады. Олар өздеріне тән арнайы әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, белгілі бір мақсаттар мен қызметтерді атқарады. Олар бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Саяси жүйенің басты қыметі-қазына, байлықтыбөлу саласына бақылау жасау. Олардың дұрыс бөлінбеуі ел ішінде әр-түрлі әлеуметтік топтар арасында алақөздік, дау-дамай тудыруы мүмкін. Саяси жүйе оған жібермей, қайшылықтарды қиюластыры,

келістіріп, шиеленістерді өршітпей, өрбітпей, жан-жақты бітістіріп отырғанда ғана өз ролін ойдағыдай атқарады.

Саяси жүйе қоғамдық өмірдің барлық салаларының дамуына бағыт беріп, ықпал етеді, оларды басқарады. Қоғам дамуының мақсатын айқындайды. Мақсатына байланысты саясат экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ұлттық, ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Бұл мақсаттарды саяси партиялар зерттеп дайындайды. Парламенттік сайлауда жеңген партияның саяси бағыты мемлекеттің мәжбүр ететін күштеріне сүйеніп жалпыға міндетті мемлекеттік жарлық сипатын алады. Мемлекеттік басқару органдары қоғамды қабылдаған шешімдерді орындауға жұмылдырады, қоғамдық процестерге әсер ететін негізгі тетікке айналады.

Саяси жүйенің жіктелуі жөнінде ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Олар бұл мәселеге әр жақтан қарайды, әр –түрлі өлшемді пайдаланады. Мысалы, марксизм формациялық көзқарасты басшылыққа алып оны құлдық, феодалдық, капиталистік, коммунистік саяси жүйе деп бөледі.

Саяси жүйені оның саяси тәртібіне қарай тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық деп бөледі. Мұнда топтастырудың негізіне билік, тұлға және қоғам арасындағы өзара іс-әрекеттің сипаты мен тәсілі негізге алынады. Тоталитарлық саяси жүйеде жеке адам мен қоғам толығымен билікке бағынады. Мемлекет қоғамдық өмірдің барлық саласын өзінің бақылауына алады. Авторитарлық саяси жүйеге билік басындағы жеке адам немесе адамдар тобы шексіз билікке ие болады. Парламент, оппозициялық партиялар болғанымен олардың ықпалы шамалы келеді. Мемлекеттің сайланбалы органдары, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктері шектеледі. Демократиялық тәртіпте тұлға құқығы биік тұрады, билік жұмысын қоғам бақылауға алады. Онда биліктің өкілдік органдарын жалпыға бірдей сайлау арқылы халық сайлайды, азаматтарға саяси құқықтар мен еркіндіктер

Қоғамның саяси жүйесі оның тәртібіне қарай тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық деп бөледі. Тоталитарлық саяси жүйеде жеке адам мен қоғам толығымен билікке бағынады. Авторитарлық саяси жүйеде билік басындағы жеке адам немесе адамдар тобы шексіз билікке ие болады. Демократиялық тәртіпте тұлға құқығы биік тұрады, билік жұмысын қоғам бақылауға алады.

Француз саясаттанушысы Ж.Блондель саяси жүйені басқарудың мазмұны мен түрлеріне сай оны 5 түрге бөледі. Либералдық демократия- ол саяси, мемлекеттік шешімдерді қабылдағанда меншікке иелік етуі, жекешілдік, еркіндік сияқты құндылықтарды басшылыққа алады. Коммунистік жүйе- ол әлеуметтік игілікті тең бөлуге бағдар ұстайды. Дәстүрлі саяси жүйе - ол ат төбеліндей ақсүйектердің саяси және экономикалық үстемдігіне негізделеді. Дамып келе жатқан елдерде қалыптаса бастаған саяси жүйе. Онда авторитарлық басқару белең алады. Авторитарлық – консервативтік жүйе. Онда әлеуметтік және экономикалық теңсіздік сақталады.

Батыс саясаттанушылардың арасында саяси мәдениеттің жағдайына қарай, құндылықтар негізінде саяси жүйені жіктеудің төмендегідей 4 түрі кең тараған: ағылшын – америкалық, құрлықтық – еуропалық, индустрияланбаған немесе жарым – жартылай индустрияланған, тоталитарлық. Тоталитарлық қызмет түрлерінің жиынтығы- саяси жүйенің аса маңызды тұғыры болып саналады. Қызмет түрлерінің жиынтығы дегеніміз, жүйенің тұрақтылығы мен өміршеңдігін қолдауға бағытталған кез- келген іс-әрекеті. Саяси жүйенің атқаратын қызметі қоғамға саяси басшылық жасау міндеттерін шешеді. Шындығында да қоғамды дамытудың мақсаттары мен бағдарламалары, жеке адамдар мен топтардың мүдделерін анықтау мен келісу, олардың талап-тілектерін білдіру міндеттері- саяси деңгейде талқыланып жасалады және айқындалады.

Адамдарда әлеуметтік- саяси қызметке тарта отырып және оларды үстем мұраттар мен құндылықтарға бағыттау арқылы саяси жүйе қоғамдық қатынастарды қайта жасаудың құралына айналады, әлеуметтік- қайта жаңғыру міндеттерін орындайды. Шындығында да,

билік пен саяси тұрғыда қалыптасудың көмегімен ескірген нысандар мен ұстанған бағыттар жойылады да, оның орнына қоғамды алға бастыруға арналған қолайлы жағдайлар жасалынады.

Американдық ғалымдар саяси жүйелердің барлығын қуатты және әлсіз деп бөліп келген еді. Олар егер заңдылық, ұйымшылдық пен тұрақтылық біртұтас болса, онда сол жерде саяси жүйе де қуатты болады, ал бұл жоқ жерде- ол қуатынан айырылып, әлсірейді дегенді алға тартады. Ал енді басқа бір ғалымдар соның негізі етіп оларда өмір сүріп тұрған қоғамдық құрылысты, капиталистік, социалистік және дамушы елдердің қоғамдық құрылымын алуға тырысады. Саяси жүйенің типологиясы билік сипаты мен қоғамның саяси өмірін ұйымдастыру қағидаты бойынша аса кең тарағаны рас. Бұдан басқа тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық саяси жүйелер де өзінше ерекшеленеді.

Тоталитарлық саяси жүйелер былайша сипатталады: басқару қатаң орталықтандырылады және бірыңғай билік орталығының бақылауында болады;

- ✓ саяси істерге қатысуы, демократиялық іс-әрекеттерді(процедуралары) көбінесе формальды сипатқа ие болады;

- ✓ билік құрылымдарының механизмі жеке дара басқаратын жетекшісі (лидер) бар бір партиялық негізде құрылады;

- ✓ билік құрылымдары билеуші партияға және оның лидеріне бағынады;

- ✓ әлеуметтік-мәдени жүйеде таптық, ұлттық немесе аймақтық құндылықтарға ие болады;

- ✓ экономикалық өмір біртұтас орталықтан реттеледі

- ✓ плюрализмнің, оппозицияның, барлық нысандарының жойылуы азаматтардың жеке өміріне араласуы;

- ✓ біртұтас ресми идеологияны күштеп тықпалайды, жат пікірлер мен сынға қысым жасалады;

Авторитарлық саяси жүйенің негізгі сипаттары:

- ✓ барлық саяси билікті бірыңғай орталыққа шоғырландыру;

- ✓ азаматтардың саяси бостандығын шектеу, оппозицияны басып-жаншу;

- ✓ атқарушы өкіметтің құзырын мейлінше кеңейту;

- ✓ басшы кадрларды жоғары биліктің қалауы бойынша орналастыру мен олардың халық алдында есеп бермейтіндігі;

- ✓ өкілетті органдардың сайланымдылығын жою және басқалар.

Демократиялық саяси жүйеге тән сипаттар:

- ✓ қоғамды көпшіліктің басқаруы, азаматтарды саясатқа көптеп тарту;

- ✓ өкіметті сынау мен оған оппозицияның болу бостандығы;

- ✓ халықтың саясатқа қатысуының бәсекелес түрі және басқарудың көппартиялық нысандары;

- ✓ басқарудың парламенттік нысаны;

- ✓ заң шығарушы органдардың төменнен жоғары қарай сайлануы мен есеп берушілігі;

- ✓ демократиялық саяси мәдениет.

Саяси жүйелердің типологиясы осы аталған үш түр арқылы шектеліп қалмайды. Үкіметті саяси партиялар арқылы құруға байланысты қазіргі таңдағы саяси жүйелердің типологиясы да кең түрде белгілі бола бастады. Осындай белгілер бойынша қоғамның бір партиялық, қос партиялық және көп партиялық саяси жүйелері болады.

Белгілі бір әлеуметтік- экономикалық және саяси құрылыстан екіншісіне өткен кезде пайда болатын ауыспалы саяси жүйе туралы да сөз етуге болады. Оған Қазақстан, Ресей Федерациясы мен бұрын КСРО – ның республикалары болған басқа де мемлекеттер мысал бола алады.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде демократиялық-саяси дамуы саясаттану теориясы тұрғысынан терең талдау-сараптауға өте бай материал берді. Еліміздің

құқықтық, демократиялық мемлекет үрдісінде дамуының қол жеткен нәтижелеріне бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылыми еңбектерде, сондай-ақ саяси партиялар мен олардың жетекшелері тарапынан әртүрлі, қайсыбір қайшылықты, кейде тіпті кеғар көзқарастар,бағам-тұжырымдар болса да басты, түбегейлі өзгерістер даусыз.

Біріншіден, оның басты негізі, бүгінде тәуелсіз мемлекетіміз халқының басым көпшілігі, яғни негізгі ұйтқы-тірегі болып табылатын қазақтардың жалпы ұлт ретіндегі басты мінез-ұстанымы, мінез-тұрпатындағы салмақтылығы, табиғи саяси ұстамдылығы, әр қоғамдық құбылысқа, саяси партиялар мен қозғалыстардың қызметіне, мемлекет және қоғам қайраткерлері мен олардың іс-әрекетіне аса талапкершілікпен, ерекше сыншылықпен қарайтын көзқарасы, тумысынан болмысына тән тарихи сарапшылық қадір-қасиеті.

Екіншіден, осы реформалардың қарсаңындағы еліміздегі бір шама қолайлы, байсалды да қалыпты қоғамдық әлеуметтік ахуал, яғни әлеуметтік жіктелудің, соншалықты тереңдемей, асқынбай, халықтың басым көпшілігінің әлеуметтік жағдайының құлдыраудан аман болып, яғни негізгі бұқара көпшілік үшін бір шама қалыпты күнкөрістік- тұрмыстық ахуалдың болуы, сондай-ақ, Қазақстан халқының сол мезгілдегі жалпы білім, рухани деңгейінің, саяси және құқықтың сауаты мен мәдениетінің едәуір жоғарлығы.

1991 ж. басталған Кеңестік саяси жүйені қайта құрып жаңалаудың нәтижесінде Қазақстан Республикасының саяси жүйесі пайда болды. Жаңа Конституция, сайлау жүйесі қабылданды, Президент пен парламент сайлаулары өткізілді. Қабылданған заң актілеріне сәйкес демократиялық саяси жүйе жұмыс істей бастады. Реформалау жағдайында азаматтық қоғамды қайта жаңғырту бастапқы кезде «жоғарыдан» басталды да, негізінен алғанда мемлекеттік құрылымдар арқылы жүзеге асырылды.

Қазір Қазақстанның саяси жүйесі бірте-бірте әлемдік саяси қатынастар жүйесіне интеграциялануда. БҰҰ-ның, ТМД-ның шеңберіндегі Республика белсенділігінің артуы, арнайы халықаралық ұйымдармен және органдармен (ЮНЕСКО), Шанхай бестігі және басқалармен халықаралық достастығы осының айғағы бола алады.

Бақылау сұрақтары (өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар) (бекіту тәсілдерін қолдану)

1. Қоғамның саяси жүйесі дегеніміз не? Оның негізгі қызметтері қандай?
2. Саяси жүйенің негізгі төрт элементін атаңыз және олардың мәнін түсіндіріңіз.
3. Мемлекеттің қоғамдағы рөлі қандай және ол қандай құралдар арқылы жүзеге асады?
4. Мемлекеттік емес ұйымдардың ішінде саяси партиялардың орны мен атқаратын қызметін сипаттаңыз.
5. Саяси қатынастарға қандай субъектілер қатысады және олар қандай түрлерге бөлінеді?
6. Саяси жүйедегі ережелердің қандай түрлері бар? Олардың ішіндегі ең маңыздыларына мысал келтіріңіз.
7. Саяси мәдениет дегеніміз не және оның саяси жүйедегі орны қандай?
8. Саяси жүйелердің негізгі түрлерін атаңыз (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық) және олардың ерекшеліктерін салыстырыңыз.
9. Ж. Блондель мен Батыс саясаттанушылары саяси жүйелерді қандай өлшемдерге сүйеніп жіктеген?
10. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі саяси жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін сипаттаңыз.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар

2. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 31 қаңтар 2017
3. Назарбаев Н.Ә. Мемлекет басшысының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" 12 сәуір 2017
4. Абсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. – 2 т.- Алматы: Қарасай, 2011.
5. Neuwold A. Politics. - N.-Y.: Palgrave Macmillan, 2013.
6. Мұсатаев С.Ш. Саяси билік: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. – 2014
7. Әлемдік саясаттану антологиясы. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы: Қазақстан. – 2005-2009. - Т. 1-9
8. Казахстанский путь - 2050. -3 т./ Под ред. Султанова Б.К. – Алматы: КИСИ, 2014.

Қосымша:

1. Бәйділідинов Л.Ә. Теориялық саясаттану. – Алматы, 2005.
2. Булуктаев Ю.О. Политический режим и посткоммунистическая трансформация: теория, методология, практика.- Алматы, 2008.
3. Казахстанская политологическая энциклопедия / Под ред. Т.Т.Мустафина. - Алматы,1998.
4. Управление рисками в сфере внутренней политики Республики Казахстан/ Под. ред. Шаукеновой З.К. - Алматы, 2014.
5. Чеботаров А.Е. Политическая мысль суверенного Казахстана: динамика, идеи, оценки. Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2015.